

Жоғары қамқоршылық кеңесінің
2013 жылғы 18 сәуірдегі
шешімімен бекітілді

НАЗАРБАЕВ УНИВЕРСИТЕТІ

2013-2020 жылдарға арналған СТРАТЕГИЯ

Назарбаев Университеті:

Ұлттық арманның іске асырылуы

2006 жылы Президент Н. Назарбаев өзінің Қазақстан Республикасының халқына жыл сайынғы Жолдауында Қазақстанның өз дамуындағы жаңа серпіліс жасау қарсаңында тұрғандығы жайлы айтты. Сондай-ақ еліміздің бәсекеге қабілеттілігінің жетістігі көбінесе ғылыми-білім беру жүйесінің тиімділігіне байланысты болады. «Елордамызда бірегей академиялық орта қалыптастыру үшін біз халықаралық деңгейдегі беделді университет құратын боламыз», - деп атап өтті Н. Назарбаев – ол Қазақстанға өнеркәсіптік және инновациялық міндеттерді шешу үшін қажетті инженерлерді, ғалымдарды, зерттеушілер мен болашақ көшбасшыларды дайындайды.

Астанада әлемдік деңгейдегі университетті құру Қазақстан Республикасы Президентінің халықаралық «Болашақ» стипендиясын беруден кейінгі жасалып отырған, Қазақстанда адам ресурстары әлеуетін дамытудағы келесі қисынды қадам болып табылады. 1993 жылы іске қосылған сәтінен бастап, «Болашақ» бағдарламасы Қазақстанның ең үздік, әрі дарынды 9 мың студентіне әлемнің жетекші білім беру мекемелерінде оқуға мүмкіндік берді. Алайда Қазақстанда да әлемнің алдыңғы қатарлы университеттерімен бәсекелесе алатын жоғары оқу орнын ашатын кез келді.

2009 жылдың қыркүйек айында Назарбаев Университетінің құрылғандығы жайлы жариялай келе, Президенттің ерекше атап айтқаны: «Жаңа университетті ашу – мемлекетіміздің дамуы мен көптеген қазақстандықтар үшін ғаламдық жүйе құруда айрықша ықпал ететін маңызды ұлттық жоба. Астананың жаңа университеті ең үздік әлемдік білім беру моделі мен ғылыми практикаға пара-пар, қазақстандық өзіндік ерекшелікті үйлестіре байланыстыратын ұлттық брэнд ретінде құрылуы тиіс деп есептеймін».

Назарбаев Университеті «бүкіл ел бойынша жоғары білім берудің ұлттық стандарты" және Қазақстан Республикасының жоғары білім беру жүйесін реформалау мен жаңартудың өтіп жатқан үдерісінде жетекші болады деп танылған.

Университеттің үш жылдан аз мерзім ішінде едәуір табыстарға жеткені осы стратегияда баяндалған. Назарбаев Университетінің ұзақ мерзімді даму стратегиясы – бұл оның өз миссиясына келесі онжылдық ішінде жету процесі.

Мазмұны

Кіріспе сөз.....	5
Пайымдауы	7
Миссиясы	7
Стратегиялық мақсаттары.....	7
I. Кіріспе.....	8
II. Қазақстандағы білім беру жүйесін реформалаудағы көшбасшылық.....	8
Даму моделі.....	8
Құқықтық негіз.....	9
Әріптестік моделі.....	9
Әлемдегі озық тәжірибені пайдалану	9
Мәдениет және құндылықтар.....	10
Басқару жүйесі.....	10
Қаржыландыру	11
III. Академиялық көшбасшылық	11
Бакалавриат бағдарламалары	12
Инженерия мектебі	12
Гуманитарлық және әлеуметтік ғылымдар мектебі.....	13
Ғылым және технологиялар мектебі	13
Келешектегі бағыттар.....	13
Жоғары оқу орнынан кейінгі бағдарламалар.....	14
Бизнес мектебі.....	14
Мемлекеттік саясат мектебі	14
Білім беру мектебі	15
Медицина мектебі.....	15
Оқытушы-профессорлар құрамы.....	15
Студенттер.....	16
Студенттердің жетістіктері.....	16
Студенттердің қызығушылығы.....	16
Жұмыспен қамту және кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі қызметтер	17
Кампус	17
Университеттің Бас жоспары	17
Кітапхана.....	17
Үйрететін технологиялар.....	18
IV. Ғылыми көшбасшылық	18
Институционалдық құрылым	19

Жаратылыстану ғылымдарындағы зерттеулер	19
Энергетикалық зерттеулер орталығы	19
Өмір туралы ғылымдар орталығы	20
Әлеуметтік ғылымдардағы зерттеулер	20
Білім беру саясаты орталығы	21
Ұлттық талдамалық орталық	21
Еуразия өңірлік зерттеулер институты.....	21
Бәсекеге қабілеттілік және өсіп-өну орталығы	22
V. Денсаулық сақтау саласында қызмет көрсету моделін жасау	22
Заманауи академиялық денсаулық сақтау жүйесін құру	22
Ұлттық медициналық холдинг	23
VI. Инновациялар және ғылымды өндіріске енгізу	24
VII. Назарбаев Университеті 2020 жылда	25
VIII. Қорытынды	26
Қосымша: Назарбаев Университетінің жетістіктері.....	28

Кіріспе сөз

1997 жылғы 10 қазанда Қазақстан халқына ұсынылған «Қазақстан - 2030» Стратегиясында Елбасы Назарбаев Қазақстанды бәсекеге қабілетті, әртараптандырылған экономикасы мен халықтың жан басына шаққандағы табысы жоғары және ғаламдық қоғамның белсенді мүшесі болып табылатын ел ретінде сипаттаған болатын. Осыған жету үшін Қазақстанға өзінің ең басты байлығы – адами ресурсын арттыра түсу қажет. Бұл – білімді жасайтын, бизнесті қаржыландыратын және дамытатын, жұмыс күшінің экономикасын қамтамасыз ететін, яғни қазақстандық экономиканы әртараптандыруға атсалысатын және жаһандық деңгейде даму үшін бәсекеге қабілеттіліктің іргетасын қалайтын ғалымдар, оқытушылар, инвесторлар, кәсіпкерлер мен жұмысшылар.

Қазақстандық азаматтарға әлемдік деңгейдегі білім мен дағдыларды, сыни ойлау қабілеттерін меңгеруге мүмкіндік беру – бұл Президент Н. Назарбаевтың стратегиялық басымдықтарының бірі. «Қазақстан – 2030» Стратегиясы жария етілгеннен кейінгі 15 жыл ішінде Қазақстан Президенті қойылған мақсаттарға жетуге бағытталған бірқатар жаңа ұзақ мерзімді және іргелі реформаларға бастамашы болып отыр. Бұл реформалардың ауқымы кең және олар білім мен ғылым жүйесінің әрбір аспектісін «жоғарыдан-төменге» деген қағидат бойынша жүйелі түрде жаңартуды көздейді. Президент Үкіметке мына салаларды:

- Қазақстандық жастарға әлемнің жетекші университеттеріне түсу үшін қажетті білім, атап айтқанда, қазақстандық экономиканы ілгерілету үшін қажетті техникалық білім алуға мүмкіндік беретін орта білім жүйесін;
- Отандық ғалымдарға қазақстандық және жалпы әлемдік өзектілігі өткір мәселелерді шешуде алдыңғы шепте болуға мүмкіндік беретін ұлттық ғылыми-зерттеу бағдарламаларын;
- Қазақстанға бәсекеге қабілетті және табысты экономикаға қажетті техникалық дағдыларды меңгерген жұмыс күшін дайындайтын кәсіби-техникалық білім жүйесін;
- Елдің әлеуметтік-экономикалық өсуі мен дамуына қажетті көшбасшылар мен мамандарды даярлауға мүмкіндік беретін жоғары білім беру жүйесін дамытуға тапсырма берді.

Бұл салаларды дамыту – өте күрделі міндет және ҚР Президенті оның шешіміне «іс жүзіндегі реформалар» арқылы келіп, аса көрегендік танытты. Орта білімді реформалау үшін «білім орталықтарында» үш тілде оқытып, даярлауға бүкіл елден әртүрлі ұлттардың арасынан дарынды оқушыларды тартуға бағытталған «Назарбаев Зияткерлік мектептері» жобасы іске асырылуда.

Қазақстандық экономиканың өсуі мен әртараптандырылуына қажетті білімді жасау үшін Қазақстан ғылымды қаржыландыруды елеулі арттырды және ғылыми зерттеулерді қаржыландыру тетіктерін реформалауды жүргізіп жатыр. Бұл өзгерістер ел алдында тұрған ең өзекті ғылыми, инженерлік, экономикалық және әлеуметтік мәселелерді шешу үшін қажетті жүйелерді қолдауға, сондай-ақ әлемнің жетекші ғалымдарымен және ғылыми-зерттеу институттарымен ынтымақтастықта жұмыс істеуге мүмкіндік береді.

Білімнің қайнар бұлағына ие ел болу – бұл Қазақстанның болашағы үшін өте маңызды міндет. Алайда тек білімнің бір өзі жеткілікті емес. Қазақстандық кәсіпкерлер, бизнес көшбасшылары, қаржыгерлер, жұмысшылар осы білімді меңгеріп, оларды еліміздің экономикалық өсуі мен өркендеуі жолында пайдалануға

тиіс. Қазақстанның жұмысшыларын жұмыс берушілерге қажетті дағдылармен қамтамасыз ету үшін ҚР Үкіметі Қазақстанда кәсіптік-техникалық білім беру жүйесін жаңартуға бағытталған «Кәсіпқор» бағдарламасын енгізуге кірісті.

Білім беру жүйесін реформалауға бағытталған күштердің нысанасында Қазақстанның университеттері тұр. Егер де Қазақстан ең әуелі «Қазақстан – 2030» Стратегиясын, одан кейін «Қазақстан - 2050» Стратегиясын жүзеге асыруды көздесе, қазақстандық университеттер осындай болашақты құруға қабілетті түлектерді даярлауға тиіс. Қазақстанның жоғары оқу орындарының түлектері осы дағдыларды үнемі өзгеріп отыратын экономикалық жағдайда шығармашылықпен пайдалануға мүмкіндік беретін үздік техникалық дағдылар мен мүмкіндіктерге ие болуға тиіс. Назарбаев Университеті Қазақстанның жоғары білім беру жүйесін берілетін білім сапасы бойынша әлемдік деңгейге ілгерілетудегі ел күш-жігерінің алдыңғы шебінде тұр. Арнайы заңға сәйкес академиялық еркіндік пен дербестікке, сондай-ақ ғылыми-зерттеу қызметі мен өндірісті интеграциялаған білім беру үдерісіне ие Назарбаев Университеті қазақстандық өзге университеттер үшін модель болып табылады.

Назарбаев Университетіне қатысты шығарылған заң оның оқшау дамуы үшін емес, керісінше сыртқы араласулардан қорғайды. Назарбаев Университеті – бұл Қазақстан халқының өз болашағына жасаған инвестициясының көрнекті үлгісі. Табысқа жету үшін Университет Президент Назарбаевтың пайымдауына, яғни «жоғары халықаралық стандарттарға сай, ғылыми зерттеулерге, білім мен ұлттық экономикаға үлес қосуға қабілетті түлектерді даярлауға» сәйкес болып қана қоймай, ол сондай-ақ Қазақстан халқының Назарбаев Университетіне деген сенімі мен инвестициясының ақталғандығын және тиімді болғандығын қалай болса да дәлелдеуге тиіс. Зерттеулердің қорытындылары, олардың саны, сапасы мен экономикаға ықпал етуі олардың маңызды дәлелі болады. Назарбаев Университетінің міндеті әлемнің таңдаулы университеттерінің қатарындағы өз ұстанымына беріктігін дәлелдеу болып табылады.

Қазақстан Орталық Азия өңірі мен одан тыс жерлерде зерттеу және білім беру саласында көшбасшы болуды мақсат тұтады. Осы мақсатқа жету үшін Астана білім мен инновациялардың орталығына айналуға тиіс. Астана озық ғылыми-зерттеу ұйымдарымен және институттармен желі құра отырып, халықаралық академиялық және ғылыми қоғамдастықтың белсенді мүшесіне айналып, танымал ғалымдар мен оқытушыларды тартатын болады.

Шигео Катсу, Назарбаев Университетінің
Ректоры/Президенті
Сәуір 2013ж.

НАЗАРБАЕВ УНИВЕРСИТЕТІ

СТРАТЕГИЯ

Пайымдауы

Қазақстанға және әлемге олардың дамып, өркендеуіне қажетті ғалымдар мен мамандарды, менеджерлер мен кәсіпкерлерді даярлау

Миссиясы

Қазақстанда жоғары білім мен ғылым жүйесінде реформалар жүргізу моделі болып, Астананың инновациялар мен білімнің халықаралық орталығы ретінде қалыптасуына үлес қосу

Стратегиялық мақсаттары

I мақсат. Қазақстандағы білім беру жүйесін реформалаудағы көшбасшылық

Назарбаев Университеті тәжірибесінің қазақстандық жоғары оқу орындары мен зерттеу орталықтарына таратылуын қамтамасыз ету.

II мақсат. Академиялық көшбасшылық

Академиялық көшбасшылықты дамыту және қолдау арқылы Назарбаев Университетінің миссиясына жету

III мақсат. Ғылыми көшбасшылық

Әлемнің танымал ғалымдарымен және зерттеу орталықтарымен әріптестікте әлемдік деңгейдегі ғылыми зерттеулер жүйесін қалыптастыру.

IV мақсат. Денсаулық сақтау саласында қызмет көрсету моделін жасау

Назарбаев Университетінің денсаулық сақтау жүйесін Қазақстанның денсаулық сақтау саласындағы қызмет көрсету моделі ретінде жасау.

V мақсат. Инновациялар және ғылымды өндіріске енгізу

Қазақстандағы инновациялардың негізгі қозғаушы күші болу және Астананың өңірлік инновациялар орталығына айналуы үшін негіз жасау.

I. Кіріспе

Жетекші әлемдік университеттер құрылымы, көлемі мен академиялық бағыттары бойынша айтарлықтай ерекшеленеді, алайда олардың барлығы белгілі бір ортақ іргелі қағидаттарды ұстанады. Олардың арасында академиялық және ғылыми дамуға ұмтылушылықты, университеттер салыстырмалы түрде артықшылыққа ие болатын салалардағы көшбасшылықты қамтамасыз етуді, сондай-ақ жаңалық ашу мен инновацияларда түрткі болуды атап көрсетуге болады. Көптеген университеттер олар ұсынатын идеялар мен білімді адамдардың өмірін сапалы жақсартуға септігін тигізетін өнімдер мен қызметтерге айналдыратын жаңа компанияларды құру жөнінде өздеріне айқындаушы рөл алады. Назарбаев Университеті өз пайымдауы мен миссиясын нақты іске асыру үшін осы салалардың барлығында табысқа жетуі тиіс.

Осы стратегияда Университеттің даму үдерісінің бірінші кезеңі баяндалған, бұл Университет қызметкерлерінің, оқытушыларының, студенттері мен зерттеушілерінің бірлескен күш-жігерінің нәтижесі болады. Университет дамыған сайын, қиындықтар еңсеріліп, өткеннен сабақ алынып, бұл стратегия сөзсіз өзгеріп отырады. Стратегияны тұрақты бағалап, түзетіп отыру Университет миссиясының ұстанымына беріктігімізді сақтап, ресурстарды тиімді әрі жедел пайдалануға мүмкіндік береді.

II. Қазақстандағы білім беру жүйесін реформалаудағы көшбасшылық

Университет құрылған сәтінен бастап күші республиканың барлық оқу орындарына бағытталған білім беру саласын реформалаудың ауқымды ірі бағдарламасының бөлігі болып табылады. Реформалар білім беру жүйесінің әрбір деңгейінде жетекші білім беру мекемелерінің тобымен тестіленіп, енгізіледі. Қазақстанның жоғары білімі үшін Университет мемлекеттің қазіргі кездегі университеттерді реформалауда және жаңа институттарды құруда үлес қосуына мүмкіндік беретін зертханасы, эксперименттік алаңы болып табылады.

Бұл рөл Университетке айрықша жауапкершілік пен міндеттемелерді жүктейді. Назарбаев Университеті жоғары сапалы білім беретін және ғылыми зерттеулер ұсынатын зерттеу университеті ретінде қалыптасып, даму нәтижесінде алынған тәжірибе қолжетімді болатынына және Қазақстан Республикасының жоғары білім беру жүйесінің дамуына жан-жақты ықпал ететініне кепілдік беруі тиіс. Тіпті Назарбаев Университеті дамуынан алынған алғашқы сабақтар да қазақстандық университеттердің қызметіне ықпал етеді. Өз тәжірибесін тарату Назарбаев Университеті үшін негізгі институционалдық міндет болады. Атап айтқанда, Университет Білім және ғылым министрлігі ұйымдастыратын оқу семинарлары мен жұмыс топтарына қатысады, Жоғары білім көшбасшыларының еуразиялық форумы сияқты жыл сайынғы конференцияларды ұйымдастырады, сондай-ақ орта білімді жаңартуда Назарбаев Зияткерлік мектептерімен бірігіп жұмыс істейді.

Даму моделі

Халықаралық білім беру кеңістігінде бәсекеге қабілетті деп танылатын зерттеу университетін дамыту өршіл міндет болып табылады. Осы күрделі міндетті орындау үшін Назарбаев Университеті әлемнің таңдаулы университеттерімен және зерттеу

орталықтарымен әріптестік орнатты. Шетелдік әріптестер әлемдік деңгейдегі академиялық және зерттеу университеттерінің маңызды тұстарын дамыту жолында Университетке жан-жақты көмек көрсетуде. Әріптестердің Университетке берген алғашқы ұсынымдарының бірі Назарбаев Университетінің жұмыс істеуі үшін қажетті құқықтық ортаны реформалау қажеттігі болды.

Құқықтық негіз

Назарбаев Университетінің қалыптасу кезеңінде әлемдік деңгейде бәсекелесе алатын Университетті ашу үшін оған әлем университеттеріне сай озық басқару құрылымы бар құқықтық ортада жұмыс істеу қажет деп айқындалды. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев 2011 жылғы 19 қаңтарда «Назарбаев Университеті», «Назарбаев Зияткерлік мектептері» және «Назарбаев Қоры» мәртебесі туралы» заңға қол қойды, осыған сәйкес заманауи университетке сай құқықтық база құрылды.

Заң Университетті басқарудың жаңа нысандарын көздейді. Президент Нұрсұлтан Назарбаев басқаратын Жоғары Қамқоршылық кеңес Назарбаев Университетінің, сондай-ақ Назарбаев Зияткерлік мектептерінің және Назарбаев Қорының қызметін бақылауды жүзеге асырады, олардың ұзақ мерзімді стратегияларын бекітеді, Қамқоршылық кеңестердің мүшелерін тағайындайды және Назарбаев Университетінің, Назарбаев Зияткерлік мектептерінің және Назарбаев Қорының құрылуы жөнінде шешімдер қабылдайды. Назарбаев Университетінің Қамқоршылық кеңесі Университеттің саясатын айқындайды, оның бюджетін бекітеді, сондай-ақ Университеттің негізгі басшыларын қызметке тағайындайды. Шешімдерді қабылдау кезінде барабар үйлесімділікті және бақылауды жүзеге асыру мақсатында Университеттің, Мектептер мен Қордың Қамқоршылық кеңестерінің құрамына ғалымдар, академиялық әлемнің, қоғам және мемлекеттің танымал өкілдері енеді. Бұл жаңа құқықтық жүйе, жаңа заңда белгіленген оның институционалдық дербестік, академиялық еркіндік қағидаттары мен басқару жүйелері басқа қазақстандық университеттерге үлгі ретіндегі модель болуы тиіс.

Әріптестік моделі

Назарбаев Университетінің әріптестері: Кэмбридж Университеті, Карнеги-Меллон Университеті, Колорадо Тау-кен ісі университеті, Дьюк Университеті, Сингапур Ұлттық Университеті, Лондон Университет Колледжі, Пенсильвания Университеті, Питтсбург Университеті, Висконсин-Мэдисон Университеті және ғылыми зерттеулер саласындағы әріптестері: Берклидегі Лоуренс ұлттық зертханасы, Аргон Ұлттық Зертханасы, Питтсбург Университеті, Дьюк университетінің академиялық медициналық орталығы, жапондық Ұлттық онкология институты және басқалар. Университеттің әріптестері жоғары білім мен ғылыми зерттеулердің ең жоғарғы әлемдік стандарттарына жауап беретін, осыған сай бірегей қазақстандық университет болатын жоғары оқу орнын құруға атсалысады. Әріптестерімен өзара қарым-қатынастарда Назарбаев Университеті өзара іс-қимыл жасасудың негізгі сәттерін белгілейді.

Әлемдегі озық тәжірибені пайдалану

Зерттеу университетін жаңадан құрудың қиыншылықтырымен қатар айтарлықтай артықшылықтары да бар. Назарбаев Университеті озық тәжірибелерді қабылдап қана қоймай, басқа университеттердің бұрынғы және қазіргі уақытта жіберіп отырған қателіктерінен сабақ алуға мүмкіндігі бар. Университеттің әріптестері

оқшаулылыққа және оқу бағдарламаларында сабақтастықтың болмауына жол бермеу қажеттігіне ерекше көңіл бөлді, себебі бұл көптеген аяғына тұрған университеттердің күрделі мәселесі болды. 21-ші ғасырдың сын-қатеріне жауап ретінде қойылған проблемаларды шешу және инновацияларды енгізу үшін оқытуда пәнаралық тәсіл қажет. Университет студенттер мен оқытушылардың осы міндеттерді шешуде бәсекелестік артықшылыққа ие болуы үшін ғылыми-зерттеу қызметтегі, әсіресе жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша пәнаралық тәсілге ерекше көңіл бөлетін болады. Назарбаев Университеті сыртқы ортамен өзара қарым-қатынастарда ашықтықты жақтаушы бола тұра, әртүрлі білім беру және ғылыми мекемелермен белсенді түрде өзара іс-қимыл жасасады.

Мәдениет және құндылықтар

Мәдени әралуандылық жетекші университеттер дамуының ажырамас бөлігі болып табылады. Мәдени әралуандылық пен толеранттылық университеттік мәдениеттің бөлігі ретінде білімнің, ғылым мен қоғамдастықтың барлық салаларына енгізілетін болады. Университеттің негізін қалаушы қағидаттардың бірі нәсілдік, діни, гендерлік, әлеуметтік мәртебесіне немесе физикалық мүмкіндіктеріне қарамастан, барлығы үшін тең қолжетімділік болып табылады. Назарбаев Университеті, ондағы іріктеу үміткерлер жетістіктерінің негізінде жүзеге асырылып, барлық дарынды әрі қабілетті жастар, оқытушы-профессорлар құрамы мен зерттеушілер үшін әрдайым ашық.

Тұтастық Университеттегі оқу, зерттеу, басқарушылық салалар мен студенттік өмірдің барлық аспектілерінде негіз құраушы құндылықтардың бірі болып табылады. Студенттер, оқытушылар мен зерттеушілер үшін өз міндеттерін орындау кезінде жоғары этикалық қағидаттар мен кәсіпқойлықты сақтауы негізгі талаптардың бірі болып табылады. Өзіндік мәдениетін жасағанда ғана Назарбаев Университеті оқытушылық пен зерттеу қызметінде жоғары сатыға жеткен бірегей қазақстандық университет ретінде танымал болады. Назарбаев Университетінің болашақ түлектері проблемаларды шешуде жоғары дәрежелі мамандандырылған білімі мен қабілеттері бар көшбасшы, жоғары деңгейдегі маман болып қана қоймай, өз елінің, қоғамының алдындағы борышы, азаматтық жауапкершілік, толеранттылық пен түсінушілік сезімін бойына терең бойлатқан, белсенді қоғам мүшесі болады.

Басқару жүйесі

Барлық жетекші университеттердің негізгі өзегі басқару жүйесі болып табылады, ол университет жұмысында басшылыққа алынатын нұсқаулықтарға, үрдістер мен рәсімдерге негізделген. Назарбаев Университетінің басқару құрылымы Университет өз дамуында басшылыққа алатын қағидаттарға (1-ендірме) негізделген.

Осы қағидаттарды қамтамасыз ету үшін Назарбаев Университетінде Университет басшылығынан, академиялық және ғылыми кеңестерден бастап алқалық басқару құрылымы құрылған. Бұдан басқа, кейбір арнайы комитеттер құрылуда, оқытушылар оқытушы-профессорлар сенатын ұйымдастырды.

Назарбаев Университеті Мектептерінің өзіндік жеке басқару құрылымы бар, олар мектептің Комитетінен, оқу және, қажетіне қарай, тәртіптік комитеттерден тұрады.

Назарбаев Университеті Мектептерінің өзіндік жеке басқару құрылымы бар, олар мектептің Комитетінен, оқу және, қажетіне қарай, тәртіптік комитеттерден тұрады.

Қаржыландыру

Назарбаев Университетінің дамудағы тұрақтылығы, тәуелсіздігі мен тұтастығы оның дербес және жоспарланған қаржыландыру көздерін тарту мүмкіндіктеріне байланысты болады. Университеттің осы даму сатысында оны қаржыландыру негізінен мемлекеттік бюджеттен жүзеге асырылады. Біртіндеп мемлекеттік бюджеттен тәуелділік Университет қоры (Назарбаев Қоры) эндаументіне жарналар, халықаралық және қазақстандық ғылыми гранттар, сондай-ақ оқу ақысы сияқты басқа да қаржыландыру көздерін тарту есебінен бәсеңдейтін болады.

2009 жылдың соңында ел Президентінің бастамасы бойынша құрылған Назарбаев қоры Қазақстан Республикасында қор эндаументі қағидаты бойынша жұмыс істейтін алғашқы қор болып табылады. Қордың қызметі дербестік, өзін-өзі басқарушылық, шешімдер қабылдаудың алқалылығы, әлеуметтік жауапкершілік пен айқындық қағидаттарына негізделеді. Қордың миссиясы – Назарбаев Университеті мен Назарбаев Зияткерлік мектептеріне тұрақты әрі ұзақ мерзімді қаржыландыруды қамтамасыз ету арқылы, іске қосылу және жұмыс істеу кезеңдерінде қолдау көрсету болып табылады. Қордың негізгі бағыт-бағдары ғылыми-зерттеу бағдарламалары, шәкіртақылар, гранттар мен басқа да жарғылық мақсаттар болады. Қор өз қызметін инвестициялар саласындағы білікті халықаралық сарапшы-консультанттар мен менеджерлердің басқаруымен озық халықаралық стандарттарға сәйкес жүзеге асырады.

III. Академиялық көшбасшылық

Академиялық көшбасшылық кез келген жетекші университеттің іргетасы болып табылады. Академиялық көшбасшылыққа қол жеткізу үшін Университеттің жоғары оқу орны және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудегі пәндердің кең аясы бойынша сапасы жоғары көрнекті бағдарламалары болуы тиіс. Ол сондай-ақ өз студенттеріне тиісті қолдау көрсетуді және академиялық емес іс-шаралардың жүргізілуін қамтамасыз етуі тиіс. Назарбаев Университеті өз оқытушыларының мамандану салаларында озық ғылыми зерттеулерін жүзеге асыруға ынталандырып, оларға үнемі қолдау көрсететін болады.

Академиялық көшбасшылығының халықаралық танылуына қол жеткізу үшін Университет әлемнің жетекші жоғары оқу орындарымен әріптестікте инженерия, жаратылыстану ғылымдары және технологиялар, гуманитарлық және әлеуметтік ғылымдар, сондай-ақ бизнес, мемлекеттік саясат, білім беру және медицина

1-ендірме: Басқарудың негізгі қағидаттары

Дербестік және есеп берушілік:

Демократиялық ұстанымдар және атсалысқан әрбір қатысушының жеке есеп беруіне негізделген басқарудағы және шешімдерді қабылдаудағы тәуелсіздік пен алқалылық

Академиялық еркіндік: Ғылыми, білім беру және клиникалық қызметте оқытушыларға, зерттеушілер мен студенттерге академиялық еркіндік беру кепілі

Транспаренттілік және айқындылық: Университеттің жедел қызметінің барлық салаларында толық транспаренттілікті және жалпы қолжетімділікті қамтамасыз ету

салаларында жоғары орны және жоғары орнынан кейіндегі озық бағдарламаларды құру бойынша жұмыс жүргізіп жатыр (2-ендірме).

Бакалавриат бағдарламалары

Назарбаев Университеті мақсаттарының бірі Еуразияның жетекші жоғары оқу орындарының рейтингтеріне кіру болып табылады. Университет Қазақстанның экономикалық даму саласындағы қажеттіліктеріне сәйкес инженерлік және жаратылыстану ғылымдарына, сондай-ақ технологияларға айрықша көңіл бөлуімен қатар, жоғарыда аталған басымдыққа қол жеткізу үшін барлық түлектері үшін сапалы гуманитарлық білім беруді қамтамасыз етуі тиіс. Назарбаев Университеті Қазақстан жастарына үйреншікті модельден айрықша ұстанымды сипаттағы өзге жоғары білім беру моделі болып табылады.

2-ендірме: Университеттегі аккредитациялау үдерісі

Аккредитациялау университеттің ғылыми-зерттеу және академиялық бағдарламалары, оның ОПҚ мен түлектері сапасының маңызды белгісі болып табылады. Өзінің дамуына қарай, Университет халықаралық жетекші аккредитациялау органдарынан университеттің түгелдей аккредитациялануына қол жеткізуге тырысады. Кейбір мектептерде, атап айтқанда, ең алдымен, Инженерия мектебінде жекелеген аккредитациялаудан өту жоспарлануда.

Оның сенімді көрсеткіші – студенттердің оқытушылармен салыстырғандағы арақатынасының төмендігі және, тиісінше, шағын сыныптардың болуы. Орта мектептен Назарбаев Университетінің жүйесіне біртіндеп көшу үшін бакалавриат бағдарламаларына түскен студенттер академиялық ағылшын тілі, сыни ойлау дағдылары мен негізгі пәндер бойынша білімдерін жетілдіру мақсатында бір жылдық университеталды дайындық бағдарламасынан өтеді.

2011 жылғы күзде бакалавриат бағдарламасы бар үш Мектеп іске қосылды, олар университеталды дайындық бағдарламасының алғашқы түлектеріне есік ашты. Мектептер (Инженерия, Гуманитарлық және әлеуметтік ғылымдар, Ғылым және технологиялар) Университеттің білім беру және зерттеу бағдарламаларын әзірлейді және 2014 жылға қарай жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламасының толық тізбесін ұсынатын болады. Бұл – Университетінің дамуындағы маңызды кезең.

Инженерия мектебі

Инженерия мектебі тек Қазақстанда ғана емес, сонымен қатар Еуразияда инженерия саласындағы озық кәсіптік білім мен ғылымның жетекші орталығына айналады деп күтілуде. Оқыту және зерттеулер жүргізу бағдарламасы студенттердің халықаралық деңгейде бәсекеге түсуіне және Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуына үлес қосуына мүмкіндік береді. Мектептің негізгі бағыттары жоғары халықаралық стандарттарға қол жеткізіп, оларды ұлттық білім беруде, ғылым мен технологияларда қолдануға бағытталған.

Инженерия мектебінің білім беру және зерттеу бағдарламалары әлемдегі жетекші университет болып табылатын Лондон Университеті Колледжімен әріптестікте әзірленген. Инженерия мектебі басынан бастап химиялық, құрылыс, электрондық және электротехникалық инженерия, сондай-ақ инженерлік механика бойынша

оқытуды ұсынады. Бұл пәндерді таңдау «Қазақстан – 2030» және Қазақстан – 2050» стратегияларында басты мақсаттар ретінде айқындалған Қазақстан мен Орталық Азия өңірінде тұрақты даму мен экономикалық ілгерілеуге жету үшін қажетті кәсіптік мамандарға деген қажеттілікке байланысты.

Гуманитарлық және әлеуметтік ғылымдар мектебі

Гуманитарлық және әлеуметтік ғылымдар мектебі әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдарда жан-жақты білім беруді қамтамасыз етіп, қоғамның барлық салаларында көшбасшыларды даярлауды жүзеге асыруға бағытталған. Университеттің Гуманитарлық және әлеуметтік ғылымдар мектебін дамыту Висконсин-Мэдисон Университетімен әріптестікте жүзеге асырылады. Мектеп басынан бастап мемлекеттік басқару мен халықаралық қатынастардағы, экономикадағы, антропологиядағы, әлеуметтанудағы, тарихтағы, әлем тілдері мен әдебиетіндегі мамандықтар бойынша білім алуға мүмкіндік береді.

Мектеп студенттерді мамандықты таңдауына қарамастан, олардың өмірде және мансапта кезіктіретін зияткерлік мәселелерді шешуге дайын болуға үйретеді. Бүгінгі күні гуманитарлық ғылымдарға оқыту сыни ойлау дағдылары мен мәселелерді шешу қабілеттілігін талап ететін бизнестегі, мемлекеттік басқарудағы, білім берудегі, әскери қызметтегі немесе кез келген басқа да кәсіптегі мансапқа даярлаудың ажырамас бөлігі болып саналады. Қазақстанның бірегей тарихы мен мәдениетін, сондай-ақ басқа да өңірлік мүдделерді паш ету үшін Еуразиялық өңірлік зерттеулер институтының дамуында басты рөл аталмыш Мектепке берілетін болады.

Ғылым және технологиялар мектебі

Бас кезінен Карнеги-Меллон Университетінің ықпалымен құрылған Ғылым және технологиялар мектебі Қазақстанда, одан әрі Орталық Азия мен Еуразия өңірінде жетекші ғылым және технологиялар орталығына айналады. Мектеп студенттерге әлемдік деңгейдегі білімді ұсына отырып, еш асырусыз, Қазақстанның болашағын жасайтын студенттерді даярлайды, сондай-ақ оларды үздіксіз оқу үдерісіне тарта отырып, экономиканың нақты секторындағы жұмысқа дайындайтын болады. Осы кезеңде Мектеп бағдарламасы химия, биология, физика, робототехника мен мехатроника, математика, информатика мен биомедицина ғылымдары саласын қамтиды.

Мектептің білім беру бағдарламалары мен ғылыми-зерттеу жұмыстары студенттерге әлемдік нарықта бәсекеге түсуге, сондай-ақ әлемдік үздік стандарттарға сәйкес келетін ғылым мен технологияларға және Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуына үлес қосуға мүмкіндік береді.

Келешектегі бағыттар

Үш мектепке қосымша ретте, Университет өз миссиясы мен пайымдауының орындалуына бағытталған бірқатар жаңа бастамаларды жүргізуде. Бакалавриат мектептерінің тізімін бұдан әрі Инженерия мектебімен қатар Қазақстанның кен өндіру өнеркәсібі салалары үшін ұлттық кадрларды дамытудағы күштерді қуаттайтын Тау-кен ісі мектебі толықтырады. Университеттің студенттер контингентін интернационалдауға ұмтылысын басқа да күш-жігерлермен қоса, үздік шетелдік студенттерге гранттар беру, сондай-ақ студенттер үшін тартымды оқу бағдарламалары мен студенттік тәжірибені жасау жолымен жүзеге асыру ұсынылады. Шетелдік студенттер әлемдік қоғамдастықтың жаһандануына

байланысты туындаған міндеттерді шешуге біздің студенттерімізді дайындауда көмектесетін болады. Университет те Назарбаев Зияткерлік мектептері сияқты алдыңғы қатарлы мектеп бағдарламалары түлектерінің өсіп отырған санына сәйкес болу үшін студенттердің жылдық қабылдау көлемін ұлғайтатын болады.

Жоғары оқу орнынан кейінгі бағдарламалар

Қазақстанның өсіп-өнуі мен дамуы үшін біліктілігі жоғары инженерлер мен ғалымдар қажет, алайда техникалық дағдылардың бір өзі қазақстандықтар қалайтын және оларға лайықты болатын болашақты қалыптастыра алмайды. Идеялар түпкілікті өнімдерге айналуы тиіс; кәсіпкерлер қазақстандықтарды жаңа жұмыс орындарымен қамтамасыз ете отырып, коммерциялық кәсіпорындарды құруы тиіс, ал мемлекетке бұдан әрі дамуды демеу үшін тиімді экономикалық және әлеуметтік саясатты әзірлеп енгізу қажет. Университет осы міндеттерді шешуге өз үлесін қосады және бастапқы кезеңде құрылған үш бакалавриат мектебінің жоғары оқу орнынан кейінгі бағдарламаларға қосымша ретте төрт кәсіптік жоғары мектепті ашады. Мұнда «Болашақ» бағдарламасының түлектерін, қазақстандық университеттердің үздік студенттерін, сондай-ақ Назарбаев Университетінің түлектерін қоса алғанда, бакалавриат бағдарламаларының дарынды түлектері оқитын болады.

Бизнес мектебі

Назарбаев Университетінің Жоғары бизнес мектебі Дьюк Университетінің Фукуа Бизнес мектебімен әріптестікте ЕМВА Фукуа әріптесінің көрнекті бағдарламасы мен дәстүрлі МВА бағдарламаларының үлгісінде арнайы ЕМВА бағдарламасын ашуымен 2013 жылдың наурыз айында іске қосылды. Бакалавриат бағдарламалары бойынша өзінің алғашқы студенттерін шығарған кезде Мектеп Қазақстанның басқарушылық және кәсіпкерлік қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін өте қажет болып табылатын мамандықтар бойынша Университет қабырғасында классикалық МВА бағдарламасы бойынша білім беруді бастайды. Бүгінгі күні энергетика секторын қоса алғанда, кәсіпкерлік пен шағын және орта бизнесті дамыту саласындағы басшы қызметкерлерді оқыту жүргізілуде.

Мемлекеттік саясат мектебі

Университеттің Қазақстанның елордасы, оның әкімшілік орталығы – Астанада орналасуы мемлекеттік сектордың болашақ көшбасшыларын даярлау мен қазіргі мемлекеттік басқарушылардың біліктілігін арттыру бойынша ерекше міндеттемелерді жүктейді. Университетке сондай-ақ елдің ертеңін айқындайтын саяси мәселелер бойынша диалогтың қатысушысы болу қажет. Осы мақсаттарға жету үшін қазіргі уақытта Жоғары мемлекеттік саясат мектебін дамыту Ли Куан Ю атындағы Сингапур Ұлттық университетінің Жоғары мемлекеттік саясат мектебімен ынтымақтастықта жүзеге асырылуда. Жоғары бизнес мектебінен басқа Университеттің Жоғары мемлекеттік саясат мектебі 2013 жылдың күзінде мемлекеттік саясат саласында студент-магистранттардың алғашқы тобымен өз жұмысын бастайды. Қазіргі кезеңде мемлекеттік қызметшілердің жоғары буынын арнайы даярлау жұмыстары жүргізілуде.

Білім беру мектебі

2012 жылы ашылған Жоғары білім беру мектебі өзінің алғашқы бағдарламаларын 2013 жылдың күзінде іске қосады. Бағдарламалар екі бағыт бойынша іске асырылады, олардың бірі Пенсильвания Университетімен ынтымақтастықта жоғары білім беруге бағытталған, екіншісі Кембридж Университетімен ынтымақтастықта орта білім беруге арналған. Бастапқыда Мектепте мамандықты таңдау құқығымен екі магистратура бағдарламасы ұсынылады, атап айтқанда, жоғары және орта білім беруді басқаруда басшылық ету рөлін өзіне алуды жоспарлайтын болашақ басқарушыларға арналған бағдарлама және педагогикалық институттардың оқытушылары мен орта мектептердегі пәндік оқу бағдарламалары және академиялық жоспарлар бойынша мамандарға арналған және басқа да барлық оқу орындарындағы академиялық жоспарлар бойынша бағдарлама. Бұдан әрі PhD докторантура бағдарламасы көзделген.

Медицина мектебі

Университет Ұлттық медициналық холдингті (ҰМХ) интеграцияланған академиялық денсаулық сақтау жүйесінің (ИАДСЖ) ажырамас бөлігіне айналдыру үдерісінде. ИАДСЖ-ға ҰМХ-тің клиникалары, Өмір туралы ғылымдар орталығы және болашақ Медицина мектебі кіреді. Университет Мектептерінің білім беру секторы үшін маңызы қандай болса, білім беру үдерісін, ғылыми зерттеулер мен клиникалық практиканы біріктіре отырып, Назарбаев Университеті ИАДСЖ-дың да денсаулық сақтау секторы үшін баға жетпес маңызы бар. Университет Мектептері Қазақстанның жоғары білім беру саласын реформалаудың алғы шебінде болған кездерде интеграцияланған академиялық денсаулық сақтау жүйесі инновациялар мен эксперименттер жасаудың арқасында денсаулық сақтау саласындағы реформаларда көшбасшы болады.

Ашылуы 2015 жылға жоспарланып отырған Университеттің Медицина мектебі медициналық білімнің бірегей моделін жасайды, ол түлектерге медициналық зерттеулер, білім беру және емделушілерге күтім жасау саласында ғылыми қызметкер ретінде өз мансабын жасауға мүмкіндік береді. Медицина мектебінің 4 жылдық оқу жоспарында студенттер алғашқы оқу жылынан бастап клиникалық практикамен айланысады. Клиникалық сабақтар мен сыныптардың көбісі ҰМХ клиникаларының базасында ұйымдастырылатын болады. Клиникалар қазірдің өзінде заманауи академиялық ауруханалар мәртебесін алу үшін халықаралық сертификаттаудан өтуге кірісті.

Оқытушы-профессорлар құрамы

Кез келген университеттің табысты болуы оқытушы-профессорлар құрамының сапасына байланысты. Университет үшін ең маңызды міндеттердің бірі – жоғары деңгейдегі ОПҚ-ты қалыптастыру болып табылады. Танымал оқытушылар мен зерттеушілерді тарту бойынша Университеттер арасындағы әлемдік бәсекелестік ешқашан осыншама жоғары болған емес және жуырдағы он жылда арта түсетін болады. Университет дамыған сайын, Университеттің негізін, оның жүрегі – оқытушы-профессорлар құрамын қалыптастыру өте күрделі міндет болады. Университет жұмысқа қабылдау үдерісіндегі ең жақсы әдістемелерді қолдануға тырысады, оқытушыларға өз қабілеттерін барынша пайдалануға және тиісті сый-сияпат көрсетілуін қамтамасыз етеді. Университет бұл міндеттемені ашық, әділ және тиянақты жасалатын жұмысқа қабылдау үдерісі арқылы орындайды.

Студенттер

Foundation бағдарламасынан бастап және басқа да деңгейлерде студенттерді Университетке қабылдау тек академиялық жетістіктерінің негізінде ғана жүзеге асырылады. Студенттер Университетке түсу үшін әріптестердің бірінің талаптары бойынша белгіленген емтихандар жинағынан өтуі тиіс. Оқуға түскеннен кейін студенттер Университетте сол деңгейде қалу/алға қарай жылжу үшін өзінің академиялық көшбасшылығын бұрынғысынша сақтауы тиіс. Мұндай академиялық қаталдық студенттердің табысты болуының, сондай-ақ олардың академиялық көшбасшылықтың негізі болып табылады.

Студенттік өмір студенттердің қажеттіліктеріне, мүдделері мен құмарлықтарына, сондай-ақ ұмтылыстарына бағытталған. Студенттік өмір студенттерді қабылдау сәтінен басталады да, оқу аяқталғанға дейін және одан кейінгі жылдарда да жалғасын табады. Жалпы алғанда, қызыққа толы студенттік өмірге студенттердің салауатты және табысты болуы, қызығушылығы, жұмыспен қамту бойынша қызметтердің көрсетілуі және кәсіпкерлік дағдыларын дамытуы жатады.

Студенттердің жетістіктері

Таңдаулы университет – бұл студенттердің маман болып қалыптасуына ғана мүмкіндік беретін оқу орны емес. Бұл оқу орнының қабырғасында студенттер кейіннен өз заманының зияткерлік элитасын құрайтын, жан-жақты білімді, ойшыл, белсенді азаматтар мен кәсіпқойлар болып қалыптасуы керек. Табыстылық тек академиялық үлгерім мәнмәтінінде ғана емес, одан да кең ұғымда, яғни мансап, отбасы, қоғам және азаматтық белсенділік мәнінде қарастырылуы тиіс.

Барлық жетекші университеттерде студенттер өз білімдерінің көбісін академиялық сабақтардан тыс алады. Демек, студенттік өмір аудиториядан тыс жерде студенттерге өзін-өзі табысты көрсету мен өзін-өзі жетілдіру үшін кеңінен бірқатар мүмкіндіктер туғызуы тиіс. Студенттік өмір Университеттің миссиясынан бөлек қарастырылмайды және оқу кезінде алған тәжірибесін теңдестіруге көмектеседі және студенттерді оқу аяқталғаннан кейінгі Университеттен тыс өмірге даярлайды. Университет дамыған сайын, басқа елдерден студенттерді көбірек тарту жұмысы күшейтіледі, бұл қазақстандық студенттерге әлемдік мәдениеттердің әралуандылығын барынша ұғынуға, ал әлемнің түкпір-түкпірінен келген адамдарға Қазақстанды барынша танып-білуге мүмкіндік береді. Ғылым мен технологиялардың даму үдерістерінің жылдам өтуі соншалық, ол аудиторияларда оқытудың дәстүрлі үдерісінің сөзсіз ескіруіне әкеледі. Осылайша, Назарбаев Университетінің студенттері негізгі дағды – үздіксіз білім алуды одан әрі жалғастыратын болады.

Назарбаев Университеті өзінің бакалавриат бағдарламаларының түлектері оқуын таңдаулы халықаралық университеттерде жалғастыруына қолдау көрсететін болады. Университеттің әлемдік деңгейдегі оқу орны ретінде беделін қалыптастыруда Университет студенттерінің шетелде табысты болуының шешуші мәні бар.

Студенттердің қызығушылығы

Мәжбүрлеу мен өктемдікке емес, сенімге, талқыға салу мен ынтымақтастыққа негізделген жүйе оқу кезеңінде студенттердің тәжірибесін елеулі жақсартуға бағытталған. Бұл тәжірибенің студенттердің белсенді азаматтық ұстанымдарын тәрбиелеуде маңызды мәні болады. Университет студенттік үкімет пен көптеген

басқа да студенттік ұйымдардың дамуына ықпал етеді. Назарбаев Университетінде қызыққа толы студенттік өмірді қамтамасыз ету үшін оқытушы-профессорлар құрамы мен қызметкерлер студенттік ұйымдармен белсенді жұмыс істеуге тартылады. Студенттер қоғамдастықпен өзара іс-қимыл жасасып, Университеттен тысқары қоғамдық аясы кең іс-шараларға тартылуы тиіс.

Жұмыспен қамту және кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі қызметтер

Студенттер мүмкіндіктерді зерттеу және өздеріне қажетті қосымша дағдылар мен тәжірибені алу үшін ресурстарға қолжетімділікке ие болады. Университетте Студенттерді кәсіптік бейімдеу және дамыту орталығы құрылған, ол студенттерге әлеуетті жұмыс берушілермен кездесуге мүмкіндік береді, мансапты дамыту мәселелері бойынша консультация берілуін қамтамасыз етеді, жұмыс іздеу дағдыларын үйрету жөнінде семинарлар өткізеді және студенттерге нарықтың қажеттіліктеріне сай келетін дағдылары мен мүмкіндіктерін бағалауда көмек көрсетеді.

Кампус

Университеттің академиялық көшбасшылыққа жетуі тек студенттерге, оқытушылар мен зерттеушілерге ғана байланысты емес, сонымен қатар оның материалдық жабдықталуына, оқу ғимараттарына, кітапханасына, зертханаларына, демалу орындарына, жатақханаларына, сондай-ақ қызметкерлерге арналған үй-жайларына да байланысты. Университеттің бас жоспары халықаралық стандарттарға жауап беретін білім алу ортасы мен ғылыми-зерттеу инфрақұрылымын құруды көздейді.

Университеттің Бас жоспары

Назарбаев Университетінің Бас жоспарының жобасы әріптес университеттер мен ғылыми-зерттеу орталықтарының ұсыныстарынан басталады. Университеттің өсіп отырған қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін құрылыс 4 кезекке бөлінген. Бірінші кезек 2010 жылдың қыркүйек айында аяқталды. 2013 жылдың желтоқсан айында аяқталады деп жоспарланып отырған екінші кезекте оқытушыларға арналған тұрғын үй, зертханалар мен мектептер құрылысы кеңейтілетін болады. Үшінші және төртінші кезектер оқытушылар мен студенттерге арналған тұрғын үй құрылысын кеңейтуден, сондай-ақ ғылымды дамыту мен интеллектуалдық-инновациялық кластерді құрудың негізін салатын зертханалар мен оқу үй-жайларының құрылысын инвестициялауды жалғастырудан тұрады.

Кітапхана

Заманауи, қолжетімді, инновациялық кітапхана кез келген университеттің сапасы мен өсуіне негіз болатын талап болып табылады. Назарбаев Университетінің кітапханасында оны Еуразия өңіріндегі жетекші университет ретінде көрсететін Университет пайымдауы мен оның миссиясын қолдау үшін біліктілігі жоғары кітапханашылар мен ресурстардың бірегей жиынтығы бар. Кітапхана өзінің баспа және электрондық ақпараттық ресурстар жиынтығын дамыту мен кеңейту жұмыстарын жалғастыратын болады. Электрондық ресурстарды дамытуға, сондай-ақ, олардың пайда болуына қарай, жаңа технологиялардың интеграциясына да үлкен көңіл бөлінетін болады. Электрондық ресурстардың көрнекті жиынтықтары мен жаңа технологияларды енгізу Назарбаев Университеті кітапханасының Орталық Азияның жетекші кітапханасына айналуына мүмкіндік береді. Кітапхана сондай-ақ Қазақстан аумағында және Еуразия өңірінде кәсіпқой-кітапханашыларға арналған оқу орталығы ретінде қызмет ететін болады.

Үйрететін технологиялар

Назарбаев Университеті соңғы шығарылған білім өнімдерін ұсыну үшін ең жаңа оқу және ақпараттық технологияларды енгізуге ұмтылады. Университеттің студенттері алдыңғы қатарлы педагогикалық әдістемелерге сай және ең озық білім беру ресурстарын пайдалана отырып, білім алады. Бұдан әрі Университет танымал халықаралық университеттердің бағдарламаларымен қатар, Университет бағдарламаларының бәсекелестік артықшылықтарын қамтамасыз ету үшін өз технологиялық инфрақұрылымын дамытатын болады.

IV. Ғылыми көшбасшылық

Университеттің табысты болуы үшін басымды және жоғары сапалы ғылыми бағдарламалар өте қажет. Ғылыми зерттеулерді жүргізу университет бойынша оқытушыларды, сол сияқты ғылыми орталықтарды тарта отырып, бағдарламалар мен жобаларды үйлестіру арқылы жүзеге асырылады. Жетекші зерттеу университеттерінің үлгісі бойынша Университеттің оқытушылары ғылыммен айналысады, ғылыми зерттеулер бағдарламаларына тұрақты түрде қатысады, өз зерттеулерінің қорытындыларын жария етеді, сондай-ақ Университеттің қолдауымен әлемдегі зерттеу институттарымен және олардың қызметкерлерімен байланыс орнатады деп көзделуде. Оқытушылар Университеттің ішкі ғылыми гранттарының қолдауымен, сырттан гранттар тартуға жәрдемдесудің, сондай-ақ зерттеу басымдықтарының шеңберінде пәнаралық зерттеулер жүргізеді деп танылған бірқатар ғылыми зерттеу орталықтарының туындаған құрылымына негізделіп, олардың пәндеріне неғұрлым сай келетін тәсілдермен ғылыми зерттеулер жүргізе алады.

Ғылыми көшбасшылыққа қол жеткізу және Қазақстанның салған инвестицияларын ақтау үшін Университетке мына екі бағыттағы табысты зерттеулерді дамыту қажет: Университетке халықаралық деңгейде бәсекелесуге мүмкіндік беретін үлгілі зерттеулер, сондай-ақ қысқа мерзімді перспективада Қазақстанға және бүкіл әлемге өте пайдалы нәтижелер әкелетін зерттеулер. Университетте екі бағыт бойынша ғылыми зерттеулерді қаржыландыру мен қолдау тетігі қарастырылған.

Университеттің ғылыми зерттеулері Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия айқындаған негізгі басымдықтарға сай келетін болады. Оқытушылар мен ғалымдар осы басымдықтардың шеңберінде нәтижелерді іске асыру мақсатында зерттеу гранттарын алу үшін бәсекелеседі.

Назарбаев Университетінің оқытушылары мен зерттеушілері сыртқы көздерден гранттар, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің гранттарын да алуға өтінімдер бере алады. Сыртқы гранттарға барлық өтінімдер университеттік деңгейде қарауға ұсынылуы тиіс. Назарбаев Университетінің ғылыми кеңесі ұсыныстардың сапасын қамтамасыз ету және Университеттің қалыптасатын ғылыми беделін қолдау мақсатында халықаралық сараптамалық бағалаудан өткізу үшін сыртқы қаржыландыруға қатысты барлық ұсыныстардың берілуіне кепілдік береді. Университет ұсыныстарын тәуелсіз сараптауды америкалық сараптамалық бағалау агенттігі жүргізеді.

Кейіннен Назарбаев Университеті институционалдық даму және Университеттің ОПҚ мен зерттеушілері үшін "бір терезе" қағидаты бойынша қызметтерді көрсететін

Орталық ғылыми кеңсесінің мүмкіндіктерін дамыту арқылы ғылымды басқаруды және зерттеу қызметтерінің берілуін жетілдіретін болады.

Назарбаев Университеті іргелі, сол сияқты қолданбалы зерттеулерді жүргізу кезінде адамдар мен жануарларды пайдалануда этикалық нормалардың сақталатындығын мақтан тұтады. Осыған байланысты Назарбаев Университетінде Қазақстан Республикасының заңнамасымен рұқсат етілген және халықаралық стандарттармен қабылданған, адамдар мен жануарлар пайдаланылатын зерттеулерді бақылау саясаты мен нормалары әзірленіп, оқыту ұйымдастырылды.

Институционалдық құрылым

Зерттеу жұмысының жоспарын әзірлеу үшін Университетке әлемдік деңгейдегі зерттеулерді тездететін және, атап айтқанда, Университет зерттеушілерінің танымал халықаралық зерттеушілермен және ғылыми-зерттеу институттарымен ынтымақтастығын жолға қоятын басқару жүйесін және әкімшілік қолдау құрылымын құру қажет. Назарбаев Университетінде ғылымды басқаруда Ғылыми кеңес бекіткен Қағидалар мен рәсімдер басшылыққа алынады. Өзекті міндет – Университеттің ғылыми орталықтары мен институттардың оқытушы-профессорлар құрамымен, Университеттің бакалавриат мектептерімен және болашақ жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру және кәсіптік білім беру мектептерімен толық интеграциялануын қамтамасыз ету. Толық интеграцияланған зерттеу Университеті студенттердің, оқытушылар мен ғылыми зерттеушілердің ішкі институционалдық шекараларда еркін әрі жиі алмасуын қамтамасыз етеді.

Университет сондай-ақ Университеттің оқытушы-профессорлар құрамы мен ғылыми қызметкерлерін зерттеу жүргізуге және идеяларын нарықта ұсынуға ынталандыру үшін зияткерлік меншік құқықтарын қорғау негіздерін әзірлейді. Үкімет жүргізіп отырған ғылыми зерттеулерді қаржыландыру тетіктерін жақсарту бөлігіндегі реформалар Университеттің зерттеулеріне қолайлы ықпал етеді. Мемлекеттік гранттарды алуға өтінімдерді қатаң және тәуелсіз сараптамалық бағалау жүйесін енгізу және зерттеулерді мемлекеттік қаржыландыруды өсіру Университеттің зерттеушілері мен оқытушыларына жаңа мүмкіндіктер береді.

Жаратылыстану ғылымдарындағы зерттеулер

Қазақстан Президентінің пайымдауына сәйкес Университет ғылыми, технологиялық және медициналық зерттеулерде көшбасшы болуы тиіс. Университет екі ғылыми-зерттеу орталығын, Өмір туралы ғылымдар орталығы (ӨҒО) мен Энергетикалық зерттеулер орталығын (ЭЗО) ашты. Бұл орталықтардың талапты ғылыми қызметкерлері бар, сонымен қатар олар Университет оқытушы-профессорлар құрамының кәсіпқойлығы мен құзыреттілігіне арқа сүйейтін болады. Оқытушы-профессорлар құрамы жүргізетін зерттеулер Дисциплинааралық инструменталды орталығында да қолдау табады. ЭЗО Назарбаев Университетінің Зерттеу және инновациялық жүйесі (Nazarbayev University Research and Innovation System, бұдан әрі – NURIS) болып қайта аталды, себебі бұл мекемеге қазіргі уақытта Университеттің ғылыми әкімшілік бөлімшелерін басқару жүктелді.

Энергетикалық зерттеулер орталығы

ЭЗО-ның миссиясы – Қазақстан Республикасында іргелі және қолданбалы энергетика, жаратылыстану ғылымдары және технологиялар саласын әлемдік озық ғылыми орталықтармен және компаниялармен әріптестікте дамыту және

коммерцияландыру. ЭЗО сондай-ақ білімді, ғылым мен өнеркәсіпті интеграциялау моделін жасай отырып, ұлттық ғылыми және инженерлік әлеуетті арттыруға ұмтылатын болады. ЭЗО-ның мақсаты – Орталық Азиядағы озық пәнаралық ғылыми зерттеу орталығы болу. Осы нәтижеге жету үшін ЭЗО АҚШ-тың «Ұлттық зертханасы» моделін қолдануды жоспарлап отыр, осы арқылы Қазақстан Республикасының Үкіметі, ұлттық және халықаралық ұйымдар ЭЗО-мен ынтымақтастықта жаһандық ғылыми және өнеркәсіптік проблемаларды шешетін болады.

ЭЗО-ның негізгі ғылыми басымдықтары жаңартылатын энергетика және тиімділік, жоғары энергия физикасы, материалтану және нано-ғылым, энергетикалық секторды модельдеу мен талдау және информатика сияқты бағыттарды қамтиды. Ғылыми жобаларды осы салаларда іске асыру Берклидегі Ұлттық Лоренц зертханасымен ынтымақтастықта басталды.

Өмір туралы ғылымдар орталығы

ӨҒО-ның миссиясы – тірі организмдердің табиғаты жөніндегі жаңа іргелі білімдерді қалыптастыру және осы білімдерді өмір сүруді ұзарту және ауру-сырқатты азайту үшін пайдалану. ӨҒО-ның мақсаты – биомедициналық зерттеулер мен инновацияға екпін бере отырып, зерттеу жобаларын орындау үшін қажетті ғылыми мүмкіншілік пен заманауи инфрақұрылымды жасау, сондай-ақ Қазақстанда биомедициналық өндірістің дамуына негіз салу. Осы зерттеулердің қорытындылары клиникалық медицинаның адам денсаулығын жақсартуға және өмір сүру ұзақтығына бағытталған ғылыми-негізделген диагностика мен нысаналы профилактика жүйесіне айналуына үлес қосады.

ӨҒО-ның басымдықтары трансляциялық медицина, табиғи қартаю үдерісі, жаһандық денсаулық сақтау, геномика және метагеномика бойынша зерттеулер, персоналдандырылған медицина, регенеративтік медицина және жасанды ағзалар, биоинженерия, жасушалық терапия және жасушалардың инновациялық технологиялары сияқты салаларды қамтиды. Осы зерттеу салаларын дамыту үшін тиісті зертханалар құрылады.

ӨҒО зерттеу басымдықтарын іске асыру үшін АҚШ-тың, Еуропаның, Жапонияның, Қытай мен Кореяның жетекші халықаралық ғылыми және білім беру ұйымдарымен (Питтсбург Университеті, Дьюк Университеті, Колумбия Университеті, АҚШ-тың Ұлттық денсаулық сақтау институты, Брайтон Университеті, Оксфорд Университеті, Лондон Университет Колледжі, Грац Медициналық Университеті, Мартина Лютер атындағы Университет, Ұлттық онкология орталығы, Хиросима Университеті, Пекин Геномды Институты, Сеул Ұлттық Университеті, ILCHUN Геномды Институты) бірлескен ғылыми жобаларды жасайды.

Әлеуметтік ғылымдардағы зерттеулер

Университет сондай-ақ іргелі зерттеулерден қолданбалы зерттеулерге дейін әлеуметтік ғылымдардағы зерттеулер аясының ұлғаюына ықпал етеді. Антропологиядағы, экономикадағы, тарихтағы, саясаттану мен әлеуметтанудағы ғылыми зерттеулерді Университеттің Гуманитарлық және әлеуметтік ғылымдар мектебінің оқытушы-профессорлар құрамы іске асырады. Сонымен бірге Университет мемлекеттік саясат саласындағы зерттеулерге бейімделген қарқынды бағдарламаны жүргізетін болады, осы арқылы Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық даму мүмкіндіктеріне қолдау көрсетіледі.

Зерттеулердің екі бағытын да қолдап, олардың дамуына ықпал ету үшін Университет Әлеуметтік-экономикалық даму институтын құруды жоспарлап отыр, оған әлеуметтік ғылымдар саласындағы бірнеше мамандандырылған ғылыми орталықтар кіреді. Осындай екі орталық қазір жұмыс істеуде. Қазақстанның білім беру саясатын барлық деңгейлерде қолдану жөніндегі бастамасын жүзеге асыру үшін құрылған Білім беру саясаты орталығы (БСО), Ұлттық талдамалық орталық (ҰТО) – бастапқыда Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанынан құрылып, 2011 жылдың басында Университет құрамына енген мемлекеттік шараларды талдауға бағытталған қолданбалы зерттеу орталығы. 2013-2014 жылдары ішінде қосымша кемінде екі орталық ашылады деп көзделуде, олар: Еуразиялық өңірлік зерттеулер институты және Бәсекеге қабілеттілік және өсіп-өну орталығы.

Білім беру саясаты орталығы

БСО-ның стратегиялық бағыттары – білімді, ғылым мен өнеркәсіпті интеграциялау моделін құру; менеджерлер мен оқытушылардың білім беруге қосатын үлесін жақсарту мақсатында оларды жаңа басқарушылық қабілеттермен қамтамасыз ететін кәсіптік дамыту және біліктілікті арттыру бағдарламаларын жасау, сондай-ақ кездесулер мен конференцияларды ұйымдастыруды қоса алғанда, негізгі әріптестермен ақпарат алмасуды ұйымдастыру және Жоғары білім беру мектебін құру. БСО Жоғары білім беру мектебінің зерттеу бөлімшесі болу үшін оның құрылымына айналады.

БСО білім берудегі көшбасшылардың жаңа буынын даярлау мақсатында Назарбаев Университетінің моделін Қазақстанның басқа университеттеріне таратуда, сондай-ақ білім беру саласындағы кадрларды оқыту мен қайта даярлауда жетекші рөл атқарады. Мысалы, 2011 жылдың күзінен бастап Университет БСО арқылы Лондон Университет Колледжімен бірлесе отырып қазіргі заманғы педагогикалық практика, оқу бағдарламаларын әзірлеу, сондай-ақ ағылшын тілі бойынша орта мектептің 100-ге жуық мұғалімін даярлауға арналған бір жылдық кәсіптік даму бағдарламасын іске асыруға кірісті. Бағдарлама аяқталғаннан кейін қатысушылар Назарбаев Зияткерлік мектептері желісінде сабақ беретін болады. Келесі кәсіптік даму бағдарламасы (Кэмбридж университетімен ынтымақтастықта) орта мектептердің 50-ге жуық мұғалімін сыни ойлау бойынша даярлайды.

Ұлттық талдамалық орталық

Ұлттық талдамалық орталығы бастапқыда басқарушыларға сапалы талдамалық қолдау көрсету үшін министрліктер мен агенттіктердің кеңесші орталығы ретінде құрылған. ҰТО мемлекеттік басқару және экономика саласындағы зерттеу жобаларын іске асыру арқылы мемлекеттік және жеке секторға консультациялық және талдамалық қызметтерді ұсынады.

Еуразия өңірлік зерттеулер институты

Еуразия өңірлік зерттеулер институтының мақсаты Университетті қазақстандық және халықаралық сарапшыларға Университеттің өңірлік ғылыми білімдерінің сапасын арттыруда, сондай-ақ Қазақстан және әлем бойынша ғылыми білімдер саласындағы халықаралық байланыстарды жолға қоюда басты рөл атқаруға мүмкіндік беретін, Орталық Азия және еуразиялық зерттеулердің озық ғылыми-инновациялық орталығы ретінде қалыптастыру болып табылады.

Бәсекеге қабілеттілік және өсіп-өну орталығы

«Қазақстан-2030» және «Қазақстан 2050» стратегияларына сәйкес Қазақстан табысы жоғары деңгейдегі елдер рейтингіне ену бойынша басым мақсатты алға қояды. Университет осы мақсатқа қол жеткізуге белсенді атсалысады. Осы мақсатты іске асыру үшін Университет Бәсекеге қабілеттілік және өсіп-өну орталығын құруды жоспарлап отыр, оның қызметі бастапқы кезеңде әлемдік құндылықтар тізбегін талдаудағы жоғары ғылыми даму деңгейіне бағытталады.

Бәсекеге қабілеттілік және өсіп-өну орталығы әлемдік құндылықтар тізбегін талдау саласындағы белсенді жұмысының негізінде Астананың инновациялық орталыққа айналуындағы маңызды элемент болып табылады. Бәсекеге қабілеттілік және өсіп-өну орталығының қызметкерлері ғылыми жаңалықтарды коммерциялық бәсекеге қабілетті өнімге айналдыруда көмек көрсету үшін ғылыми орталықтар мен Интеллектуалдық-инновациялық кластердегі әріптестерімен тығыз байланыста жұмыс істейтін болады.

V. Денсаулық сақтау саласында қызмет көрсету моделін жасау

Заманауи академиялық денсаулық сақтау жүйесін құру

Назарбаев Университетінің стратегиялық мақсаттарының бірі – Ұлттық медициналық холдингтің медициналық мекемелерінен, Өмір туралы ғылым орталығынан және болашақ Медицина мектебінен тұратын интеграцияланған академиялық денсаулық сақтау жүйесін құру болып табылады.

Өзіндік интеграцияланған ауруханаларды басқару жүйесін дамытқан сайын, ҰМХ білім беру және қызметтердің сапасын арттыру үшін Қазақстанның денсаулық сақтау жүйесінің басқа да салалары бойынша жұмыс істейтін болады.

Әлемдік деңгейдегі медициналық орталықты құру елеулі ресурстар мен уақытты талап етеді. Клиникалар біртұтас жүйеге біріктірілуі тиіс. Жүйені тиімді басқару бір-бірін қайталайтын қызметтер мен функцияларды, қаржылық ағындардың қосылуын жоюға және тиімді аутсорсингке мүмкіндік беретін ұйымдастыруды талап етеді. Осыған байланысты, бірыңғай ақпараттық жүйе негізінде инфрақұрылымның, әкімшілік және қосалқы қызметтердің кезең-кезеңімен модульдік біріктірілуі жүзеге асырылады. Сондай-ақ бірыңғай логистикалық орталықты құру жоспарланып отыр. Ұйымдастыру құрылымын, бизнес үдерістерді, біліктілік талаптарын бірегейлендіру көрсетілетін медициналық қызметтердің сапасын, қызметтің экономикалық тиімділігін арттыруға, сандық оңтайландыруға және т.б. ықпал етеді, бұл еншілес ұйымдардың толығымен медициналық және ғылыми-білім беру қызметтеріне шоғырлануына мүмкіндік береді.

Интеграцияланған академиялық медициналық орталықтардың негізін қалыптастыратын бес негізгі ұсыныс бар (3-ендірме), олар кең (яғни, көлденеңінен интеграцияланған), сондай-ақ терең (яғни, тігінен интеграцияланған) болып табылатын мүмкіндіктерді жасау бойынша ИАДСЖ әлеуетімен күшейтіледі.

ИАДСЖ әлемдік ғылыми және клиникалық қауымдастықпен ынтымақтастықта жұмыс істеу және Назарбаев Университетінің академиялық денсаулық сақтау жүйесінің шеңберінде клиникалық, ғылыми, сондай-ақ білім беру қызметін интеграциялау арқылы медициналық қызметтердің әлемдік нарығында бәсекеге қабілеттілікке жетеді.

ИАДСЖ білім беру мен медициналық қызметтерді жақсарту үшін қазақстандық денсаулық сақтау жүйесінің басқа да қатысушыларымен жұмыс істейтін болады.

3-ендірме: ИАДСЖ басқару бойынша құнды ұсыныстар

- Зерттеуші және дәрігер рөлдерін біріктіріп, сала бойынша ғылыми сараптаманы қоса атқаратын , клиникалық диагностика мен емдеудегі серпіліске қол жеткізу.
- Медициналық көмек көрсетуге, оқыту мен зерттеулерге, сондай-ақ озық ақпаратты қолдануға негізделген көпқырлы миссиямен бірге, экономикалық тиімді медициналық қызмет көрсету саласындағы жетістіктерді алға жылжыту және қызмет көрсету сапасын жақсарту
- Көрсетілетін медициналық көмектің сапасын арттыру және ол арқылы халық денсаулығын барынша жақсарту үшін ауруханалық ақпаратты пайдалану және талдау.
- Дәрігерлердің жаңа буынын, сондай-ақ іргелі және клиникалық медицина саласында жұмыс істейтін ғалым-дәрігерлерді оқыту және кадр әлеуетін қалыптастыру
- Дарынды зерттеушілер мен клиникалық дәрігерлерді жұмысқа тарту, нәтижесінде бренд күшейтіледі, осы арқылы ИАДЖ басқа медициналық орталықтардан ерекшеленетін болады.

Ұлттық медициналық холдинг

Ұлттық медициналық холдинг Президент Назарбаевтың Қазақстан Республикасының азаматтарына өңірлерде денсаулық сақтаудың жоғары сапасын қамтамасыз ету үшін әлемдік деңгейдегі медициналық ұйымдарды құру жөніндегі пайымдауын қолдау мақсатында құрылған. Қазіргі уақытта ҰМХ-ның құрамына алты медициналық мекеме кіреді, олар: Республикалық нейрохирургия ғылыми орталығы, Республикалық балаларды оңалту орталығы, Республикалық диагностикалық орталық, Ұлттық ана мен бала ғылыми орталығы, Республикалық жедел медициналық жәрдем ғылыми орталығы, Ұлттық кардиохирургия ғылыми орталығы. Олардың барлығы базаларында оқу, клиникалық практика жүзеге асырылатын, заманауи медициналық мекемелерге сай болу үшін міндетті шарт болып табылатын озық халықаралық медициналық аккредиттеуден өтуге ұмтылады. 2014-2015 жылдары ҰМХ-ның жетінші клиникасы – Ұлттық онкологиялық орталық құрылатын болады.

Ауруханалық басқарудағы халықаралық озық тәжірибені енгізу мақсатында ҰМХ Питтсбург Университетінің Медициналық орталығымен тығыз ынтымақтастықта жұмыс істейтін болады. Аталған ынтымақтастық консультациялық қызметтердің, клиникалық және білім беру, оның ішінде қызметтерді көрсетудің бірыңғай стандарттарын белгілеу қызметінің кең ауқымын қамтитын болады. Клиникалардың өндірістік қуатын тиімді пайдалануды арттыру және өндірістік көрсеткіштерді әлемдік стандарттарға сәйкестендіру үшін ауруханалық басқарудың заманауи әдістері енгізілетін болады.

Жаңа корпоративтік мәдениет пен менталитетті дамыту жолымен қызметтің айқындылығын арттыруға елеулі көңіл бөлінеді.

ҰМХ пациенттің тұлғасына, әлеуметтік жауапкершілікке, халықаралық сапа стандарттарына жетуге, жаңа технологияларды енгізуге, тиімді, толыққанды және жоғары өнімділікке; үздіксіз білім алуға; жаһандық интеграцияға, қолайлылық пен жайлылыққа негізделген даму стратегиясының 8 тармағын қабылдады. ҰМХ-ның мақсаттары:

- i. ең жоғары сапалы халықаралық аккредиттелген медициналық көмекті қамтамасыз ету (4-ендірме), сонымен қатар болашақ қазақстандық медициналық көшбасшылықты қамтамасыз ететін медициналық мектепті құру;
- ii. ҰМХ ИАДСЖ-ның құрамдас бөлігі бола тұрып, өңірлік және жаһандық деңгейде танымал болу үшін инновациялық технологиялар мен ғылыми жетістіктерді клиникалық практикаға енгізудің негізінде өзін жоғары сапалы, тиімді және қауіпсіз медициналық көмекті қамтитын озық, пациентке бейімделген жүйе ретінде көрсетуге тиіс.

4-ендірме: Ұлттық медициналық холдингті сертификаттау бағдарламасы

Әлемдегі танымал тәуелсіз органның сертификаттауы денсаулық сақтау ұйымы көрсететін медициналық көмек сапасының жақсарғандығының нақты көрінісі болып табылады. Халықаралық аккредиттеу жөніндегі америкалық бірлескен комиссия клиникаларды халықаралық сертификаттаудың алтын стандарты ретінде танылған. ҰМХ-ның Ұлттық ана мен бала ғылыми орталығы 2012 жылғы ақпанда JCI сертификатын алып, ТМД елдері арасындағы алғашқы кең мамандандырылған, көлемі бойынша үлкен (500 орынды) жоғары мамандандырылған медициналық көмек көрсету мекемесіне айналды. ҰМХ-ның барлық қалған клиникалары денсаулық сақтау клиникаларында озық халықаралық практиканы іске асыру мақсатында 2014-2015 жылдары JCI аккредитациясын алуға ұмтылуда.

VI. Инновациялар және ғылымды өндіріске енгізу

Президент Назарбаев 2012 жылдың қаңтарында Назарбаев Университеті төңірегінде интеллектуалдық-инновациялық кластерді (ИИК) дамытудың бастапқы тұжырымдамасын негіздеді. ИИК Қазақстан Республикасының инновациялық дамуының негізгі элементі болып табылады және Назарбаев Университеті зерттеулерінің инновациялық нәтижелерін коммерциялауға арналған негізгі жүйеге айналады.

ИИК-тің ең әуелгі мақсаты – білімді іздестіруге, алмасу мен коммерциялауға арналған тірі эко-жүйе ретінде қызмет ету. Осы мақсатқа жетуге мына іс-шаралар мүмкіндік туғызады:

- білім мен бизнестің арасындағы байланысты дамыту;
- білім процесі, жаңа жоғары технологиялық жобалар мен компанияларды жұмысқа тарту және дамыту үшін қолайлы жағдайлар жасау;
- білім мен нақты секторға қажетті жаңа технологияларды іздестіру;
- елде инженерлік әлеуетті дамыту;

- жаңа технологияларды трансферттеу және коммерциялау;
- Назарбаев Университеті төңірегінде жоғары технологиялық компаниялардың "белдеуін" дамыту;
- Назарбаев Университетінің түлектері үшін жаңа жұмыс орындарын құру.

ИИК-тің негізгі элементтері: коммерциялау офисі, бизнес-инкубатор, инженерлік орталық, технопарк, ғылыми парк және венчурлық қорлар.

VII. Назарбаев Университеті 2020 жылда

2020 жылға қарай Назарбаев Университеті бакалавриат бағдарламасы бойынша 6 шығарылым немесе 3000-нан астам түлекті оқытып шығарады. 2000-ға жуық студент Университетті магистр дәрежесінде бітіреді және 300 түлек PhD дәрежесін алады. Сан жағынан қарағанда 2020 жылы білім алушылардың контингенті бакалавриат бағдарламасы бойынша 4000-ға жуық студентті және жоғары оқу орнынан кейінгі білім бағдарламасы бойынша 2000-нан астам студентті құрайды, оның ішінде олардың 15 пайызға жуығы докторантурада білімдерін жалғастырады. Халықаралық студенттердің бөлігі студенттер контингентінің 1/5 құрайтын болады деп күтілуде. Бакалавриат бағдарламасы түлектерінің 2/3 астам бөлігі оқу бітірген соң үш жылдың ішінде жоғары оқу орнынан кейінгі халықаралық үздік бағдарламалар бойынша оқуды жалғастыратын болады. Жұмысқа орналасқысы келетін түлектер үшін Назарбаев Университеті халықаралық корпорациялар, қазақстандық компаниялар, мемлекеттік мекемелер, сабақ беру, ғылыми зерттеу, жеке бизнес немесе әріптестік саласындағы қызмет, коммерциялық емес ұйымдар, бұқаралық ақпарат құралдары мен саясат сияқты санаттарда олардың өсу жолын бақылап отыратын орналастыру жүйесін құрастыратын болады.

ОПҚ-ны жұмысқа жалдау, дамыту және жұмысқа тарту Университеттің халықаралық танымал зерттеу университеті ретінде қалыптасуы барысында тұрақтандырылатын болады. Сабақ беру сапасы саласында тұтас емес көрсеткіш бола тұрып, индикативтік мақсат ОПҚ-ның үштен бір бөлігін Университеттің әріптес университеттерінде теньюр позициясында мамандандыруға бейімделетін болады.

Назарбаев Университетінің мектептері ұсынатын барлық бағдарламалар «халықаралық алтын стандарттармен» танылған тиісті аккредиттеу ұйымдарымен аккредиттелетін болады немесе жоғары басымды академиялық стандарттарды қамтыған болып танылады. Назарбаев Университеті сапаны бақылау жөніндегі сыртқы агенттіктердің тиісті сертификат(тар)ын алумен бірге Болон процесінің белсенді қатысушысы болады, сондай-ақ өз жетістіктерін халықаралық қаржыландыру мүмкіндіктері арқылы барынша пайда түсіретін болады. Жалпы Назарбаев Университеті институционалдық аккредиттеуді алады немесе оны алудың соңғы кезеңінде болады.

Ғылыми зерттеулер саласында Назарбаев Университетінің мектептері мен бейінді ғылыми орталықтары арасындағы интеграция аяқталады. Назарбаев Университетінің ғылыми орталықтары өздерін Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде көшбасшы орталық ретінде таныстырады. Кез келген уақытта 1000-ға жуық зерттеушілер Назарбаев Университетімен байланыса алады. Оқытушы-профессорлар құрамының әртүрлі мүдделерін білдіретін Назарбаев Университетінің зерттеулері Қазақстанның негізгі стратегиялық басымдықтарына, мысалы,

энергетика саласында, атап айтқанда, жаңартылатын және балама энергия көздері, био-медициналық зерттеулер мен технологиялар, есептеу ғылымдары мен робототехника, сондай-ақ коммуникациялық технологиялар саласында ықпал ете алады. ЕХРО 2017 энергетикаға байланысты зерттеулер мен тұжырымдамаларда Қазақстанға серпіліс берумен қатар, Назарбаев Университетіне инновациялық энергетикалық технологиялар мен шешімдердегі трансляциялық/қолданбалы зерттеулердің алғашқы нәтижелерін беретін платформаны ұсынатын болады. Назарбаев Университетінің төңірегіндегі технологиялық және ғылыми парктер кәсіпкерлік саладағы консультациялармен бірге тәжірибелі үлгілерді зерттеу мен әзірлеу қызметтерінен бастап қаржыландыруға рұқсат беруге дейін зерттеушілерге қолдау көрсету үшін толық эко-жүйені құрастырады. Климаттың өзгеруі және тұрақты даму/жасыл экономика Астананың зерттеулер мен әзірлемелер орталығы ретінде танылуына ықпал ете отырып, Университеттің ғылыми қауымдастығы үшін мета-тақырып түрінде көпшіліктің назарына алынады.

Назарбаев Университетінің Медицинасы, Университеттің интеграцияланған академиялық денсаулық сақтау жүйесі дәрігерлердің, медбикелердің, зерттеушілер мен клиникаларды басқарушылардың жаңа буынын құра отырып, өзін ұлттық бренд ретінде танытатын болады. Медициналық қызметтер мен зерттеулердің жоғары сапасы медициналық туристерді Еуропадан Астанаға тартуға мүмкіндік береді.

Назарбаев Университетінің тәжірибесін трансляциялаудың арқасында Қазақстан университеттерінің 1/3 жуығы академиялық еркіндікке, институционалдық дербестікке және нақты тұжырымдалған есеп беруге негізделген Университеттің моделі бойынша институционалдық және сапалы реформаларға кірісетін болады. Назарбаев Университеті жасайтын білім беру және ғылыми-зерттеу эко-жүйесі жалпы Қазақстандағы білім беру мен ғылыми жүйені мәнді түрде өзгертеді, осы арқылы он жыл бұрын басталған алғашқы тұжырымдаманың дұрыстығын растайды.

Түйіндеме: Университет өзінің өсіп-өркендеуі мен дамуында қарымды қадамдарды жасауына байланысты, Назарбаев Университеті 2020 жылға қарай әртүрлі халықаралық университеттердің рейтингісінде жоғары орынды алатын болады.

Жоғарыда баяндалғанның барлығы Назарбаев Университетінің алға қарай ұмтылысы болып табылады.

VIII. Қорытынды

Назарбаев Университеті дамудың әлемдегі бірегей жаңа даму моделі болып табылады, ол терең ойластырылған және бүгінгі таңда іске асырылуда. Оның негізінде академиялық еркіндік пен институционалдық дербестікті көздейтін, заманауи және бәсекеге қабілетті білім беру саласындағы ғылыми-зерттеу мекемесінің іргетасы болып табылатын, тиісті заңнамамен бекітілген заманауи басқару құрылымы жатыр.

Назарбаев Университеті мен интеллектуалдық-инновациялық кластер – бұл Қазақстанның жаңарту және әртараптандыру бойынша ұмтылыстарының негізі болып табылатын басымды, бірегей ұлттық жобалар. Университет пен кластер экономиканың барлық салаларындағы өзгерістер мен инновациялардың негізгі

ұйтқысына және Қазақстанның Еуразиядағы ғылыми зерттеулер мен білім беру орталығы ретінде қалыптасуының қозғаушы күшіне айналады.

Осы уақытқа дейін Назарбаев Университеті дарынды, кәсіпқой, өз ісіне адал және мақсатқа ұмтылған әріптестер тобының арқасында көп жетістіктерге жетті, дегенмен Назарбаев Университетінің әлемдік деңгейдегі білім беру және ғылыми-зерттеу орны ретінде қалыптасу жолы ұзақ әрі қиын болмақ. Жас университеттің дамуына үлкен ықпал ететін төрт міндет: (I) осы университетке салынатын қомақты инвестициялардың іс жүзінде Қазақстанның дамуына ықпал ететіндігін Қазақстан қоғамдастығына дәлелдеу; (II) Қазақстан көшбасшыларының келешек ұрпағы Университетке адалдығын шын мәнінде растайды; (III) Университеттің тек қана заңды түрде емес, сонымен қатар шын мәнінде дербес академиялық мекемеге айналуы; (IV) халықаралық бәсекелестік ортада табысқа жету.

Қосымша: Назарбаев Университетінің жетістіктері

Назарбаев Университетінің 2010-2012 жж. жетістіктері

- 23-24 сәуір 2009 ж. - Астанадағы жаңа халықаралық университеттің презентациясына арналған семинар өткізу. Қатысушылар: ҚР Білім және ғылым министрі Ж.Түймебаев, Кембридж университетінің вице-канцлер орынбасары А. Лонсдейл, Стэнфорд университетінің Қамқоршылық кеңесінің хатшысы Дж. Юхтел, Лондон Университеті Колледжінің вице-проректоры М. Уартон, басқа университеттердің профессорлары. Семинарда Қамқоршылық және консультативтік кеңестерді қалыптастыру жөніндегі ұсынымдар әзірленді, сондай-ақ университеттер арасындағы ынтымақтастық туралы келісімдерге қол қойылды.
- 17 қазан 2009 ж. - Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі К. Мәсімовтің басшылығымен «Астананың Жаңа университеті» Директорлар кеңесінің бірінші кеңесін өткізу. Университеттің 2010-2012 жылдарға арналған Даму стратегиясы бекітілді.
- 7 маусым 2010 ж. - Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешіміне сәйкес «Астананың Жаңа университеті» өз атауын «Назарбаев Университеті» (бұдан әрі – Университет) деп өзгертті.
- Қыркүйек 2010 ж. - Университет Дайындық орталығының «Foundation» бағдарламасына алғашқы студенттерді қабылдады.
- 5 қазан 2010 ж. - Энергетикалық зерттеулер орталығының ашылуы
- 16 қазан 2010 ж. - Білім беру саясаты орталығының ашылуы
- 6 желтоқсан 2010 ж. - Қазақстан Республикасы Президентінің тұңғыш ректорды (Шигео Катсу) тағайындауы
- 7 желтоқсан 2010 ж. - Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаев Университет студенттеріне алғашқы лекциясын оқыды
- 8 желтоқсан 2010 ж. - Өмір туралы ғылымдар орталығының ашылуы
- 19 қаңтар 2011 ж. - Қазақстан Республикасы Президентінің «Назарбаев Университеті», «Назарбаев Зияткерлік мектептері» және «Назарбаев Қоры»

мәртебесі туралы» Заңға қол қоюы

- 3-4 наурыз 2011 ж. - Энергетикалық зерттеулер орталығы ұйымдастырған Халықаралық энергетикалық агенттікпен бірлескен экологиялық таза технологиялар симпозиумының өтуі
- Наурыз 2011 ж. - Алғашқы студенттік үкімет құрылды
- 15 маусым 2011 ж. - Университеттің құқықтық мәртебесінің «дербес білім беру ұйымы» болып өзгеруі
- 16 маусым 2011 ж. - Жоғары Қамқоршылық кеңес пен Қамқоршылық кеңестің бірінші отырысын өткізу. 2012-2020 жылдарға арналған негізгі стратегиялық бағыттар мақұлданды
- Маусым 2011 ж. - Дайындық орталығында «Foundation» дайындық бағдарламасының бірінші жылының аяқталуы
- 31 тамыз 2011 ж. - Foundation бағдарламасын табысты аяқтап, сертификат алған студенттерге арналған 3 бакалавриат мектебінің ашылуы.
- Қыркүйек 2011 ж. - Университеттің алғашқы ғылыми еңбектерінің жариялануы
- 21 қыркүйек 2011 ж. - Ұлттық медициналық холдинг пен оның ауруханалар жүйесінің Өмір туралы ғылымдар орталығымен және болашақ Медицина мектебімен қоса, интеграцияланған академиялық білім беру жүйесін құрудағы маңызды қадам ретінде Университетке берілуі
- Қараша 2011 ж. - Білім беру саясаты орталығы ұйымдастырған «Білім берудегі қазіргі заманғы бағыттар» бірінші халықаралық конференциясы
- 11-12 қараша 2011 ж. - Өмір туралы ғылымдар орталығы ұйымдастырған «Регенеративтік медицина және ұзақ өмір сүрудің жоғары сапасы» атты бірінші халықаралық конференция
- 22 желтоқсан 2011 ж. - Бас жоспардың инфрақұрылымы – екінші кезеңнің басталуы
- 28 желтоқсан 2011 ж. - Ғылым жөніндегі орталық кеңсенің іске қосылуы

- 27 ақпан 2012 ж. - Алғашқы зерттеу гранттарының берілуі (Ғылым жөніндегі орталық кеңсесімен)
- 2 наурыз 2012 ж. - Ұлттық ана мен бала ғылыми орталығының (ҰМХ клиникасы) ТМД елдері арасынан бірінші болып Біріккен халықаралық комиссияның аккредиттеуінен өтуі
- Наурыз 2012 ж. - ҰМХ-ның 2012 – 2020 жылдарға арналған Даму стратегиясын бекіту
- 29 наурыз 2012 ж. - Алғашқы мемлекеттік грантты алу (Білім және ғылым министрлігінен)
- 5 қыркүйек 2012 ж. - Жоғары білім беру мектебінің ашылуы. Президент Интеллектуалдық-инновациялық кластерді ұйымдастыру мен іске асыруға мандат берді